

"Болашақ" бағдарламасы

- «Болашақ» халықаралық стипендиясы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылы 5 қарашадағы № 1394 қаулысымен құрылды. Бағдарламаның құрылуына уақыт талабы ықпал етті. Мемлекетіміз тәуелсіздігін енді алып, экономикада еркін нарықтық қатынастар жолына, демократия және әлемдік қоғамдастыққа толық ену жолына шықты, бұл өмірге көптеген реформаларды әкелуді талап етті. Кез келген реформаны өткізу өздеріне берілген міндеттерді орындауға қабілетті білікті кадрлардың болуын талап етеді.

- Кеңестік кеңістігіндегі мемлекеттер тарихында тұңғыш рет дарынды жастарға толықтай мемлекет есебінен шетелде білім алу мүмкіндігі берілді.
- 1994 жылдан бастап 2004 жылды қоса алғандағы кезеңде «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде әлемнің 13 елінде 785 стипендиат білім алды.

- «Болашақ» халықаралық стипендиясы түлектерінің табысты мансаптық өсуінің, кәсіптік өзін-өзі іске асыруының өзіндік кепілі болды. Бұған бағдарламаның көптеген түлектерінің мемлекеттік қызметте, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарда, акционерлік құрылымдарда жауапты орындарда болуы, мемлекеттік және халықаралық жобаларда жұмыс істеуі, осылайша мемлекеттің дамуына өз үлестерін қосуы дәлел бола алады.

- «Болашақ» бағдарламасын іске асыруды ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз ету ұдайы жетілдіруді талап ететіндігін практика көрсетіп отыр
- . «Болашақ» бағдарламасын іске асырудың бастапқы кезеңінде (1994–1997 жылдар) стипендиаттардың 30% астамы үлгерімінің төмен болуына байланысты бағдарламадан шығып қалды немесе оқуын аяқтағаннан кейін Қазақстанға оралмады. Талдау Қазақстанға оралмаудың ең жоғарғы үлесі стипендиаттардың мемлекет алдында қандай да бір міндеттеменің болмауы екендігін көрсетті.

- 1997 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурыздағы № 3375 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау тәртібі туралы ереже әзірленді. Ереже құжаттарды қабылдау және үміткерлерді іріктеу рәсімін қарастырды, сондай-ақ стипендиаттарды Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жұмысқа орналастыруды көздеді. Шешуді талап ететін басқа да мәселе оқу бағыттарындағы үйлеспеушіліктер туралы мәселе болды. 1994–1997 жылдары «Болашақ» стипендиясы қазақстандық жоғары оқу орындарының экономика және гуманитарлық факультеттеріне тағайындалды. Техникалық факультеттердің түлектері бағдарламада өте аз болды, бұл техникалық мамандықтардың оқу жоспарында экономикалық және гуманитарлық мамандықтардың оқу жоспарымен салыстырғанда шет тілін оқыту аз көлемде көзделгендігімен байланысты. 2000 жылдан бастап «Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға үміткерлерді іріктеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығының шығарылуына байланысты, инженерлік және техникалық білімі бар үміткерлер шет тілінің бірін еркін меңгеру туралы талапты ескерусіз «Болашақ» стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу құқығына ие болды. Осылайша, «Болашақ» халықаралық стипендиясы жүзеге асырылған 1994–2004 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігі стипендия тағайындауға үміткерлерді іріктеу әдістемесінде тәжірибе жинақтады. Осы жылдары Үміткерлерді іріктеу ережесі екі рет – 1997 және 2000 жылдары өзгертілді. Әрбір жаңа өзгеріс белгілі бір қорытындылар шығара отырып, өткен жылдарда жинақталған тәжірибеге негізделген және қазақстандық қоғамда өтіп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді есепке алып, бағдарлама алдына жаңа міндеттер қойды.

- 2005 жылы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында жыл сайын үш мың жас және дарынды қазақстандыққа «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша әлемнің жетекші оқу орындарында білім алу мүмкіндігін беру қажеттігі туралы жариялады. Стипендиаттар санын арттыру қажеттілігі уақыт талабы. Қалыптасқан нарықтық экономика жағдайында мемлекет бәсекеге қабілетті экономика моделіне индустриалдық-инновациялық даму, білім және ғылым, менеджмент, маркетинг, логистика, жаңа ақпараттық технологиялар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын реформалау және басқа да салалардағы мамандарға тұрақты өсіп келе жатқан қажеттілікпен Қазақстан үшін басымды салалардың тұрақты өсуіне негізделген даму жолын таңдаған.

- Мемлекет басшысының «Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендиаттарының санын арттыру бойынша бастамасын жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі қаулысымен осы мақсатта бекітілген «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамына тапсырылды.
- Соңғы жылдарда (2004 — 2010 жылдар) «Болашақ» стипендиаттарымен қатар түлектерінің де саны жылдан жылға артуы байқалуда.

- 2008 жылдан бастап ғылыми және педагогикалық қызметкерлерге ғылыми тағылымдамадан өтуге мүмкіндік берілген, сондай-ақ ауыл жастары, мемлекеттік қызметкерлер, ғылыми және педагогикалық қызметкерлер үшін академиялық бағдарламаларда оқу үшін квоталар енгізілген.
- 2011 жылдан бастап мамандарды даярлау стипендиат, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ және жұмыс беруші арасында үш жақты шарт жасаумен кадрларды іріктеу және даярлаудың бағдарламалы-мақсаттық әдісі шеңберінде жүзеге асырылуда.

- 2012 жылдан бастап меншіктің кез келген нысанындағы ұйымдардың ғылыми, педагог, медицина және инженерлік-техникалық қызметкерлерге кәсіптік тағылымдамадан 1 айдан 12 айға дейін өту мүмкіндігі берілді.

- Стипендиаттарды неғұрлым сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін серіктестер тізімі сапалы түрде қайта қаралып, шетелдік жоғары оқу орындарына талаптар күшейтілді. 2012 жылы ұсынылатын жоғары оқу орындарының саны Times Higher Education, QS World University Ranking Academic Ranking of World әлемдік рейтингілерінде ең жоғарғы деңгейдегі қуатты ғылыми базасы мен зерттеу университеттері бар 200-ге дейінгі жетекші ғылыми орталықтарға қысқартылды. Қазақстандық экономика үшін өзекті бағыттар бойынша әзірлемелер жасалып жатқан ғылыми-зерттеу орталықтары мен зертханалардың базасы құрылды.

«Болашақ» халықаралық стипендиясына кім ие бола алады?

- «Болашақ» халықаралық стипендиясына Қазақстан Республикасының кез келген азаматы мына мақсатта үміткер бола алады:

- медицина мамандықтары бойынша магистр, доктор, ғылым кандидаты дәрежесін алу;
ғылыми тағылымдамадан өту.

Үміткерлер конкурс негізінде іріктеледі.

Конкурсқа қатысушы үшін міндетті шарт:

- магистр, философия докторы, сала докторы дәрежесіне өз бетімен түскендер санаты бойынша қатысатын үміткерлер үшін – бакалавр немесе маман дипломының орташа балы 4,50 балдан кем емес (5,0-ден); мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер, жоғары оқу орнының түлектері санаттары бойынша қатысатын үміткерлер үшін – бакалавр немесе маман дипломының орташа балы 4,00 балдан кем болмауы (5,0-ден) тиіс.

- «Болашақ» халықаралық стипендиясы бір рет тағайындалатынын естен шығармау қажет. «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде жыл сайын халықаралық стипендия тағайындауға арналған квота белгіленеді. Техникалық және медициналық мамандықтар бойынша үміткерлер үшін, сондай-ақ ауыл жастары, мемлекеттік қызметшілер, ғылыми және педагогикалық қызметкерлері арасынан үміткерлер үшін шет тілін білу деңгейі төмендетілді.